



ТУҒРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№36
(2311)
Сенбі
24 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН БАСҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ ТАҚЫРЫПТА КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТКІЗІЛДІ



Сыртқы және ішкі мемлекеттік аудиттің негізгі міндеті – мемлекеттік бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын қадағалау болып табылады.

Облыстық

тексе-

ру комиссиясының ұйымдастыруымен өткізілген конференцияға облыстық қаржылық бақылау органдарының, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының өкілдері және

Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, аудан әкімі аппаратының, аудандық бөлімдердің, ауылдық округтердің, кенттердің, мәдениет үйлері мен клубтардың басшылары мен есепшілері, сонымен қатар, ауданның аумағында орналасқан бюджеттік ұйымдардың (білім бөлімі, мектептер, балабақшалар, орталық аурухана, спорт мекемелері) басшылары мен қаржы жөніндегі жауапты мамандар қатысты.

Бекітілген күн тәртібіне сәйкес облыстық тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы С.Қармыс Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының бас маманы М.Құрақбаев Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаментінің Қазалы аудандық қазынашылық

басқармасы басшысының орынбасары Р.Қуанышбаев баяндама жасап, есепшілер тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар қайтарды.

Облыстық тексеру комиссиясы ұйымдастырған конференцияның негізгі мақсаты мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қаржылық бұзушылықтардың алдын-алу, қаржылық тәртіпті нығайту, бюджет қаражатын басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Конференция қортындысымен мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор басшыларына есепші мамандарды арнайы курстардан оқытып, біліктілігін арттырып отыру қажет екендігі ұсынылды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АТА-АНА МІНДЕТІ – БАЛА ТӘРБИЕСІ

Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті.

Көшпелі отырыста аудандық прокуратураның бастамасымен «Ата-ана міндеті – бала тәрбиесі» атты тақырыпта мәселелер қаралды.

Басқосуға аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алмасұлы, аудан прокуроры Әбіш Дарын, аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Құрманалиев Ғанибек, аудандық білім бөлімінің басшысы Жөлекешов Әділхан, Қазалы қаласының әкімі Орынбасаров Қайрақбай және Қазалы қаласындағы мектептердің директорлары мен учаскелік полицияның инспекторлары, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның мүшелері қатысты.

Сондай-ақ, жиынға Қазалы қаласындағы №16, 17, 95 мектептің оқушылары мен ата-аналары және Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің студенттері мен ата-аналары ар-



найы шақырылды.

Көшпелі отырыста аудан әкімінің орынбасары, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы Алиев Жәнібек Алмасұлы ашып, жүргізіп отырды.

Тәрбиелік мәні зор шарада аудан прокуроры Дарын Әбіш сөз сөйлеп, ұлағатты ұстаздар мен ата-аналардың бала тәрбиесімен бірлесе айналысу қажеттігі жөнінде әңгімеледі.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін

атқарушы Ғанибек Құрманалиев, аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов, Қазалы аграрлы-техникалық колледжі директорының міндетін атқарушы Әнуарбек Тілеубайұлы хабарлама жасады.

Сондай-ақ, Қазалы ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі, комиссия мүшесі Айгүл Тілеуімбетова «Жаһандану заманындағы бала тәрбиесі және ондағы ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама жасап, «Қазіргі таңда ата-ананың басты міндеті – жақсы бала тәрбиелеу

емес. Жақсы ата-ана болу» екендігін ерекше атап өтті.

Көшпелі отырыста ата-аналармен оқушыларға аудандық прокуратура әзірлеген бейнеролик көрсетіліп, онда абайсызда қателіктерге жол берген азаматтар мен кәмелетке толмаған жасөспірімдердің басынан өткен оқиғалары баяндалған.

Мәжілістің қорытындысымен аудандық полиция бөлімі мен аудандық білім бөліміне мектеп оқушылары, жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, оларға қатысты кибербуллинг әрекеттерінің алдын алу бағытында бірқатар тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар, аудандық білім бөліміне мектептерде өтетін соңғы қоңырау шарасына байланысты ата-аналармен, оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, іс-шаралардың талаптарға сай өткізілуін қадағалау тапсырылды.

Жеңісбек АЙЫМҚҰЛОВ,
аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның хатшысы

ЖӘДИЕВТЕР ӘУЛЕТІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕК ӨТІЛІ 1066 ЖЫЛ

Сонау, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында Жәдиевтер әулеті ата-баба мекені «Аранды» ауылына қайта оралып, қоныс тепті. Осы әулеттің үлкені Жәниет аға №25 орта мектепте қызметке орналасып, қырық жылға жуық шәкірттерге химия, биология пәндерінен сабақ беріп, абыройға бөленді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. Ағайымыз барынша еңбекқор, сабырлы мінезді, сабақты шәкірттеріне ерінбей түсіндіретін. Олардың пәнді еркін меңгеруі жолында уақытпен санаспай еңбектенетін. Оқушыларын еркін ұстайтын. Ол кісінің балаларға кейіп жатқанын көрмеппін. Сыйлы ұстаз оқушылардың сүйіктісі болатын. Ұзақ жылғы еңбегі үшін Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. ҚР білім министрлігінің «Құрмет» грамотасын иеленді.

Ерекше атап айтар жағдай ағайымыздың үлгісін алған інілері мен балаларының көпшілігі мұғалімдік мамандықты қалады. Жәдиевтердің педагогикалық династиясы Жәниет ағайдан бастау алғанын ерекше атап өткім келеді. Үлкен ұлы Өтеген Жәниет математика пәнінің мұғалімі мамандығын таңдады. Қырық жыл ұстаздық еңбек еткен ол №88 орта мектепте 14 жыл мектеп директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, жиырма жыл №88, №98 мектептердің басшысы болды. Қазіргі таңда зейнетке шығып, «Алға» ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Мектепте қызмет атқарып жүргенде ҚР білім министрінің Құрмет грамотасын иеленсе, ардагерлер арасындағы қоғамдық жұмысы аудан, облыс әкімдерінің алғыс хаттарымен бағаланған.

Жәниет ағаның үлкен қызы Жайна 42 жыл ұстаздық қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққан. Қазір Алматы қаласының тұрғыны. Кенжегүлінің мұғалімдік өтілі отыз жыл. Өтегеннің келіншегі Гүлнәр Әбділдаева, Тағыберген есімді баласының келіншегі Сәуле Үмбетова, Ерғазының келіншегі Күнайым Келмағамбетова, Өтегеннің келіні Гүлнәзия Тілеуімбетова, Тағыбергеннің келіні Жәниет Толғанай мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады. Ал, Жәниет ағайдың немерелерінің де ата жолын таңдағанын атап айтуға болады. Өтегеннің қыздары Индира, Динара, Гүлвира, ұлы Дәулет, Тағыбергеннің қызы Назерке, Бағдаулеттің қызы Нұргүл мұғалімдік қызметте ата жолын таңдап, үлгілі әулеттің атына дақ түсірмей келеді. Нақтырақ айтсақ Жәниетовтар әулетінің 14-і мұғалімдік мамандықты таңдап, олардың педагогикалық еңбек өтілі 304 жылды құрап отыр. Осы әулет 2022 жылы «Мерейлі отбасы – 2022» ұлттық конкурсының аудандық кезеңіне қатысып, «Үлгілі отбасы» номинациясын иеленді.

Жәдиевтер әулетінің екінші үлкені Ақниет ағай ұстаздық еңбек жолын 1960 жылы бастағанымен ұзақ жылдар №25 орта мектепте оқушыларға физ-

культура және спорт пәнінен сабақ берді. Оның спортқа баулыған шәкірттері мектеп оқушыларының аудандық спартакиадасында спорттың бірнеше түрінен жүлдегерлер қатарынан көрініп, мектеп абыройын асқақтатқанын айта кеткеніміз жөн болар. Сондай қабілетті шәкіртінің бірі Мұрат Қуатбаев кейін Алматы қаласындағы дене тәрбиесі институтына оқуға түсіп, бітіріп келіп, ағайымен бірге оқушыларды спорт өнеріне баулыды. Жоғары жетістіктерге жетуіне үлес қосты.

Үлгілі ұстаз Жәдиев Ақниеттің балаларының бірсыпырасы әке мамандығын таңдап, мұғалімдік қызметті қалады. Қызы Роза, Ақниет Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы педагогикалық училищені, кейін «Болашақ» университетін бітірді. Қазір Қармақшы ауданындағы №275 орта мектепте жұмыс істейді. Екінші қызы Гүлзира Қармақшы ауданындағы №269 орта мектеп директорының бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. Гүлзираның қыздары Қымбат, Сымбат, Нұрсұлтан да мектепте мұғалімдік қызмет атқарады. Ардақты ұстаздың немересі Жәдиев Жеңісбек пен баласы Сессияның жары, келіні Әлима Жеңісқызы да педагогикалық мамандықпен жұмыс атқаруда. Олардың ұстаздық еңбек өтілі 130 жыл.

Жәдиевтер әулетінің ішінде Жандәулет ағаның орны ерекше. Ол Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін бітіргеннен кейін №25 орта мектепті бір жыл, кейін «Майлыбас» станциясындағы мектепте бірер жыл жұмыс істегеннен соң ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, мектеп басшылығына көтерілді. 1965-1970 жылдары Ақтан батыр ауылындағы №190 орта мектепте директор болып қызмет атқарды. Аудандық партия комитетінің нұсқауымен 5 жыл қазіргі Жанқожа батыр атындағы «Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхоз» партия комитетіне жетекшілік етті. Ал, 1975-1991 жылдары Ақтан батыр аулындағы №190 мектепті үзіліссіз басқарды. Ол шәкірттерді ғана емес жас ұстаздарды да мамандығына баулып, ұжым арасында абыройға бөленді. Талай шәкірттердің білім жетістіктеріне жетуіне үлес қосты. Ол мектеп басқару ісінде мол тәжірибе жинақтады. Іскер, білімді азамат ретінде бағаланды. Үш жыл ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарды. Жандәулет аға білім саласы қызметкерлерінің арасынан 1988 жылы халық ағарту қызметкерлерінің Москвада өткен Бүкілодақтық съезіне делегат болып қатысты. Зейнетке шыққан соң да, қоғамдық жұмыстардан қол үзген жоқ. Ауылдың ардагерлер кеңесін басқарды. Жандәулет ағаның зайыбы Балқия Оразбаева да ауданға белгілі ұстаз. Шәкірттеріне білім мен тәрбие берудегі жетістіктері үшін 1976 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, 1993 жылы «Қазақстан Республикасы білім

беру ісінің үздігі» белгісінің иегері атанды.

Осындай үлгілі ұстаздардың ұлы да әке жолын таңдап, мұғалімдік қызметті қалады. Жаңаберген Жәдиев №190 орта мектептің жәй ғана мұғалімі емес, түрлі сайыстарға қатысып, марапаттарға қол жеткізді. «Үздік технология пәнінің мұғалімі» атағын иеленіп, облыстық ғылыми жобалар байқауында бірінші орын иеленген. Зайыбы Перуза Сәндібек бастауыш сынып мұғалімі. Балалары Ақмарал Жандәулетова Қызылорда қаласындағы М.Сужиковатындағы №6 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың «Құрмет грамотасымен» марапатталған үлгілі ұстаз. Жандәулет ағаның немерелері Жәдиев Саян, Ай-дана Кенжеғалиева, Таңшолпан Сырлыбаеваларда мамандық таңдауда ата жолын үлгі тұтты. Осылай Жандәулетовтар әулетінің педагогикалық еңбек өтілі 214 жылға жетіп отыр.

Жәди ақсақалдың үшінші перзенті Жанғазы ағамыз да ағаларының жолымен физика-математика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. Бұл әулеттегі педагогикалық үрдіс осылай жалғасты. Білімді азамат шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруді алдына мақсат етіп қойды. Осылайша ол дегеніне жетті. Үлгілі ұстаз атынып қана қоймай, басшылықтың қолдауымен ұзақ жылдар, 1971 жылдан 2005 жылы зейнет демалысына шыққанша мектеп директорының орынбасары болып қызмет атқарды. Мектеп ұжымының білім саласында жоғары жетістіктерге жетуінде Жанғазы ағамыздың еңбегінің мол екенін баса айтуға тиіспіз. Адал еңбегі үшін «Қазақ ССР-нің білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталуы соның нақты айғағы.

Жанғазы ағамыздың ұрпақтары арасында мұғалімдік мамандықты таңдағандары аз емес. Бұлда әулет өнегесі мен тәрбиесінің жемісі екендігін оңай ұғуға болады. Жанғазы ағамыздың қыздары Бибігүл, Айгүл, Алмагүл, келіні Гүлзира мектепте мамандығы бойынша қызмет атқарады. Айгүл №97 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Ардақты ағамыздың немерелерінің де мұғалімдік мамандықты таңдауы тектен-тек болмаса керек. Отбасындағы тәрбиенің үрдісі осылай негіздесе керек. Ғазиз Ақбергелұлы және келіндері Бибі Қасқырбай, Динара Темірбайқызы орта мектептерде мұғалім мамандығын таңдап, шәкірттер тәрбиелеуде. Жалпы Жанғазы әулетінің педагогикалық еңбек өтілі 179 жыл.

Мен №25 орта мектепте Жәди ақсақалдың кенже ұлдары: Өмірзақ, Шынтаспен қатар оқыдым. Өмірзақпен бір класта оқып, қатар араластық. Шынтас менен бір класс кейін оқыды. Өмірзақ алдымен Шымкент қаласына барып оқуға түскенімен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық

институттың физика-математика пәнінің мұғалімі мамандығын алып, қызмет атқарғанымен кейін ауыл шаруашылығы саласына жұмысқа ауысып кетті. Ол математик болып қызмет атқаруға лайықты еді. Мектепте осы пәнге жүйрік болатын. Қара жұмыстың өзін еңсеріп кете беретін қабілетке ие. Алайда ағалар жолынан бұрылыс жасағаны мағанда жұмбақ. Әйтседе Өмірзақ жарын мұғалімдер арасынан таңдады. Зайыбы Қалампыр Әлімбетова қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мектептегі санаулы беделді ұстаздардың бірі ғана емес бірегейі. №97 мектепте 39 жыл қызмет атқарып, зейнет демалысына шықты. Өмірзақтың ұлы Асхат Жәди ғылым жолын таңдаса, келіндері Айжан Әбішева мен Гүлстан Медетова мұғалімдік мамандықты қалады.

Жәди ақсақалдың кенже ұлы Шынтас әубастан ағаларының ізімен еңбек жолын бастады. Мектепті бітірген соң №97 мектепке жұмысқа орналасты. Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы институттың тарих факультетін бітірген соң Ақтан батыр аулындағы №190 мектепте тарих-география пәнінің мұғалімі болып жұмысын жалғастырды. «Бірлік» аулындағы №102 орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерін, №98 мектепте оқу ісінің меңгерушісі, директордың бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарып, білім саласына еңбегін сіңірді. Шәкірттер тәрбиеледі. 1997 жылы Қазақстан Республикасы білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Шынтастың балаларының арасында мұғалімдік мамандықты таңдағандары аз емес. Ержаны №98 орта мектеп директорының орынбасары болып қызмет атқарады. Қызы Ләззат, Әсия және келіні Гауһар Әбілдаева мектепте шәкірттер тәрбиелеуде. Немерелері Шынтас Рауан қазақ тілі мен әдебиеті пәні, Ерсұлтан география пәнінің, Серік Ардақ ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығын меңгерген. Олардың педагогикалық еңбек өтілі 149 жыл.

Жәдиевтер әулетінің ұрпақтары еліміздің түпір-түкпіріндегі білім саласында абыройлы қызмет атқарып жүр. Олардың педагогикалық еңбек өтілі 1066 жыл.

Жәдиевтер әулеті 2017 жылы ауданның атынан «Еңбек әулеттерінің облыстық 4-ші форумына» ұстаздар әулеті ретінде қатысып, облыс әкімінің «Алғыс хатымен» және бағалы сыйлығымен марапатталды. 2018 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен «Ұрпаққа мұра әр ісін» іс-шарасына қатысып, «Үздік еңбек әулеті» наминациясы бойынша облыстық мәслихаттың және кәсіподақ комитетінің Алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтарына ие болды.

Иә, қалай айтсақта Жәдиевтер әулетінің өрісті өнегесі кім-кімге үлгі, өнеге. Сондықтан олар жайлы аз-кем баяндауды жөн көрдік.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ



Ауданымызға есімі белгілі азамат Айберген Тамашев Арал ауданының тумасы. Арал ауданындағы №15 орта мектепті бітірген соң талап-танып, жолы болып Қызылорда

педагогикалық институтына оқуға түседі. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі мамандығын алған соң Сольтрестегі №15 орта мектебінде еңбек жолын бастайды. Бес жылдан соң Қазалы ауданындағы Қ.Сәтбаев атындағы мектепке қызметке ауысады. Еті тірі жас ұстазға сенім артылып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне жоғарылатылады. 1987-1992 жылдары Қазалы қаласындағы «Алау» пионер лагерінің директорлығы қызметіне ауыстырылады. Кейін мұғалімдік қызметіне қайта оралып, 2006 жылдан бері Қазалы аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Айберген белсенді азамат. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық бөлімшесінде нақты нәтижелерге қол жеткізіп еңбек етуде. Туған тіліміздің дамуына бөлімшенің 140 бастауыш ұйымы түгел арала-

сады.

Қоғам басшысы ауданның әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеруде, қоғамдық жұмыстарының бел ортасында үнемі жүреді. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оны насихаттауда қашанда алдыңғы қатарда. Тынымсыз жан. Осыған орай жемісті еңбегі үшін Айберген Тамашев көптеген марапаттарға ие. Енді сана-малап көрелік. Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін «Қызылорда облысына 70 жыл», «Байқоңыр қаласына 55 жыл» медалімен, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының «Алғыс хатымен», халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Ө.Айтбайұлының «Құрмет грамотасымен», облыс, аудан әкімдерінің «Алғыс хаттарымен» марапатталған. Сыйлықтары қаншама. «Абай аманаты», «Жанқожа батыр» төс белгілерінің иегері. Жылдың «Үздік азаматтық қоғам өкілі»

лентасымен, «Жылдың үздік азаматтық қоғам өкілі», номинациясымен марапатталған. 2019 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 30 жыл толуына орай облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың хатшысының, облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасының Алғыс хаттарына қоса, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас жұлдесін иеленді.

Мына жәйға назар аударыңызшы. Тамашев Айберген аудандық «Қазақ тілі» қоғамын 15 жыл басқарғанда 100-ден аса іс-шаралар өткізіп, тіл жанашырларының арасында зор беделге ие болды. Бұл белсенді азаматты «Қазақ тілінің жанашыры» деп әбден айтуға болады.

Қазақ тілін дамытайық деп шыр-пыр болып жүрген еңбекқор азамат 75 жастың төріне шығып үлгеріпті.

Ақсақалдық жасыңыз құтты болсын!

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

АРНАДЫМ ОСЫ АЛЬБОМДЫ АҚЖЫҒАМА

Биылғы қасиетті Рамазан айының бас жағы мен үшін өте қайғылы жағдай болды. Себебі, 52 жыл бойғы жан жолдасым серігім, аяулы жарым Ақжығам аяқ астынан мәңгілік дүниеге аттанып кеткенін білмей де қалдық. Ол төсек тартып ауырып жатқан жоқ. Бесалты ай бұрын ұршығы сынып оған облыс орталығындағы ауруханадан темірден ұршық салдырып келгенді. Балдақпен жүріп- ақ үй ішінің біраз шаруасын тындырып жүргенді. Тамақ дайындайтын, кір жуатын, киім де үтіктейтін. Өмірі үйде қарап отырмайтын. Ұялы телефонымен Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтөбедегі бауырларымен, немерелерімен күн сайын сөйлесетін. Әлеуметтік желіден құран аяттарын оқитын, діндарлардың оқығандарын ұйып, беріліп тыңдайтын. Таспих тартып отыруды ұнататын. Өмірі дәрестіз жұмыс істемейтін.

Ораза айында менің ауыз ашарым мен сәресімді өзі дайындайтын. Биылда төртінші сәресіні дайындап беріп, демала берейін деп бөлмесіне кіріп кеткенді. Оқысдыбыс шығарып қиналмады. Келбетінен, не жүріс тұрысынан ешқандай өзгеріс те білінбеді. Үнемі басын құбыла жаққа қаратып жататын. Бұл жолы да тап солай жүзін құбылаға беріп екі қолына екі таспигын ұстап, жалғаншы дүниеден өткенінің куәсі болдық. Бала-шағамызбен өңіміз бе, түсіміз бе түсінбей қалдық-ау.

Оң жаққа дәрет алдырып қойған, әрі денесін ақ жуып арулап, ақыреттік киімін киіндірген ұлағатты ұстаз, көршіміз, үнемі бес уақыт намазын, оразасын қаза етпейтін тақуа Сәуле апа, жаным-ай деп көңілі босады. Тап-таза аппақ болып ұйықтап жатыр ғой. Жан қиналу азабынан Алла Тағала тарапынан қорғалған жан екен, иманды болғыр. Алла Тағала сүйген пендесіне өлімнің жайлысын береді деген бар. Өлімнің жақсысы жоқ, дегенімізбен Ақжығаға жаратушы иеміздің мейірімі түскен екен деп жатты.

Иа, Әлемнің Раббысы Алла бізге де Ақжығаға да қарасты, мейірімін төкті. Қонақақысын бер-

генде, арулап мәңгілік мекеніне орналастырғанда, он күн бойы екі адамдық төрт құлағын салып бітіргенше, әр бейсенбі сайын бейсенбіліктерін және 40 күндік садақаларын өткізгенде де Алланың күні жайма шуақ, ашық болып тұрды.

Ырымшыл халықтың ұрпағымыз ғой. Бұның бәрін жақсылыққа жорыдық. Алламызға



шүкіршілігімізді айтумен болдық.

Халық көп жиналды. Әсіресе жаназа намазына жиналғанғандардың қарасы қалың болды. Жаназада ауданның бас имамы: Қасиетті Рамазан айының алғашқы он күндігінде дүниеден өткендер жанаттық болатынын уағызына арқау етті.

Күнделікті жүргенде біле бермейді екенбіз. Мен танымасам да мені сырттай танитындар көп екен. Оны 40 күн бойы көңіл айтып келушілердің көптігінен байқадым. Ұялы телефонмен қаншама бауырларымыз хабарласты десеңші. Тіпті шет елден Түрік елінің астанасы Анкара шаһарынан да жиендеріміз анасымен келіп бір апта көңілімізді жұбатып жатуының өзі көңілімізге үлкен медеу болды.

Алла тағала оларға разы болғай

демекпіз. Ақжығаның мәңгілік үйін екі адамдық етіп балдарыммен немерелеріме салғыздым. Оған ұрпақтарымың қатарлары көп көмектесті. Бір ерекшелігі балаларым әйелім екеуіміздің мәңгілік үйімізді біріңғай намаз оқитын, жұма намаздарына тұрақты қатысатын тақуа жігіттерге салғызды. Қабірін де соларға қазғызды. Насыбай атып, темекі шегетіндерді ол жерге барғызбады. Жер қойнына аманаттау рәсімін мешіт имамдары жасады.

Аллаға шүкір дейміз, балаларым, келіндерім, немерелерім, көрші, ағайын, туыстар барлығы көңілімізді аулап бақты. Бірақ Ақжығаның орны ойсырап тұр. Жататын диваны, төсегі, киген киімдері, тұтынған заттарын көрген сайын өксімін, екі көзімнен аққан жас жатқан төсегімді, намазда тұрсам жайнамазымды, аулада жүрсем омырауымды жуады.

Елу екі жыл бірге өмір кешкен аяулы жарыңнан айырылу қандай қиын десеңші. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» - деген осы екен ғой. Жазу столына отырып қағаз жазсам да қағаз бетіне әріптермен қатар көз жасымның моншақтап таматын кездері көп.

Әр бейсенбі сайын басына барып тұрамын. Шерімді тарқатып қайтамын. Артық кеткен жерлерін Жаратушы Иемнен кешіруін сұрап жалбарына отырып дұғамды оқимын.

Жеті жасымда анамнан айрылып жетімдіктің зарын тартып-ақ едім. 1987 жылы ең кенжем Жаннұр есімді сүйкімді әдемі қызым қайтыс болып, перзентімді іздеп қайғырып жылағанмын. Енді жетпіс бес жасқа келгенде жарты ғасырдан астам бірге өмір сүрген аяулы Ақжығамнан айрылып тағы да жетімсіреп жылап жүрмін.

Иа, бұл да болса Алланың маған берген сынағы шығар деп тәубеге келгеніммен кеудемдегі өксігім тыылар емес. Күндер өткен сайын азаяр десем Ақжығама деген сағынышым үдей түсуде.

Ұрпақтарым аман болсын. Салынған мәңгілік мекеніміз

Ақжыға екеуімізге бұйырсын деп басына зираттап барған сайын жылап еңіреп құбылаға қарап тұрып дұғамды оқып қайтып жүрмін.

Ақжығамның жеке өзіне арнап:

«Арнадым, осы альбомды Ақжығама» - деп 40 беттік сурет альбом арнадым. Оған өзінің әр жылдары түскен 40 суретін жапсырдым.

Бір мезгіл Ақжығама арнап құран аяттарын оқысам, бір мезгіл сол альбомдағы суреттерін көріп, әр бейсенбі сайын басына зираттап барып мауқымды басып жүрмін. Аталмыш альбомның алғашқы бетінде Фатиха, Ықылас сүрелері жазулы. Себебі, өлінің азығы құран ғой. Ақжығам мешіттен, басқа жерлерден кіріп келе жатырғанымды терезеден көретін болар үйге кіргеннен алдымнан шығып Шәмшідінге (кішкентай немересі) не әкелдің дейтін. Оған әкелген тәттілерімді беретінмін. Ал маған не әкелдің деп жас балаша еркелейтін еді-ау марқұм. Ақжығама үнемі әртүрлі шоколадтар немесе бринза әкелетінмін. Ішкі қалтамнан алып әкелгенімді қолына ұстатсам Алла разы болсын, иманды бол деп балаша қуанатынды. Қазір мен үйге кіріп келе жатырғанда алдымнан шығатын Ақжығам жоқ. Оның есесіне екі көзімнен оны іздеп моншақтап жас төгіледі. Көңілім құлазып жабырқап өксімін, сыңарымды іздеймін. Алла ісіне шара жоқ. Басқа амалым жоқ болған соң қайтейін енді.

«Жас ортаға келгенде әйелің өлмесін» - деген бар. Ал менің жасым жас ортадан әлде қайда асып кетті ғой. Жас орта дегенің 40 пен 55-тің аралығындағы жас емес пе?

Иа, ендігі жерде ұрпақтарым, ағайын-туыстарым, тілекші көрші көлем, замандастарым аман болсын.

Алла Тағала менің балалық шағымдағы жетімдігімді, қиыншылығымды, қартайғандағы қайғымды өзгелерге бере көрмесін демекпін.

**Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті**

**МЕМЛЕКЕТТІК ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасын сақталуын, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақталуын, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады.

Өз кезегінде, Департаментпен мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына тақырыптық талдау жүргізілді.

Талдау орталық атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері, жергілікті атқарушы және жергілікті өкілді органдарымен ұсынылған ақпараттар негізінде жүргізіліп, талдаумен іссапар шығындарын төлеу талаптарының сақталуы

қамтылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 6-тармағында іссапарға жіберілген қызметкерге іссапарға кетер алдында жол жүру ақысын, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды төлеуге тиесілі сомалар және тәулікақы беріледі. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер бес жұмыс күні ішінде іссапар бойынша шығыстар туралы растаушы құжаттарды қоса бере отырып, іссапар туралы есеп береді делінген.

Дегенмен, орталық атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері, жергілікті атқарушы мемлекеттік және жергілікті өкілді органдары тарапынан бұл

бағытта Қағидалардың талаптары сақталмайтындығы белгілі болып, 48116 мемлекеттік қызметшілерге іссапарға кетер алдында жол жүру ақысы, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды төлеуге тиесілі сомалары және тәулікақы төленбегендігі белгілі болды.

Сонымен қатар, ҚР «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 57-бабында мемлекеттік қызметшілердің іссапарлар кезіндегі кепілдіктері менөтемақы шығыстары өтелуге жататындығы айқындалған.

Алайда, талдау барысында кейбір орталық атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері, жергілікті атқарушы мемлекеттік органдары тарапынан бұл бағытта Қағидалардың талаптары сақталмайтындығы белгілі болып, 71 мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығыстары мүлдем төленбегендігі анықталды.

Осыған орай, Департамент

тарапынан мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктерінің сақталуына жүргізілген тақырыптық талдау қорытындысы Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте тыңдалды.

Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің шешімімен іссапарға жіберілген мемлекеттік қызметшілерге іссапарға кетер алдында жол жүру ақысын, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды төлеуге тиесілі сомалар және тәулікақысының уақытылы және іссапар шығындарын төленуін қамтамасыз ету жөнінде Қызылорда облысының орталық атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері, жергілікті атқарушы және жергілікті өкілді органдарына ұсынымдар енгізілді.

Н.Ж.АЛИЕВ,
Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
бас маманы

● Маманның кеңесі

ЕКПЕ АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

Вакцинация – бұл инфекциялық аурулардан сақтандыруға, ал сырттан келетін жағдайда инфекциялық ауруларды тоқтатуға және жоюға бағытталған.

Вакцинация – адам организмiне вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын әдіс. Жұқпалы ауруларға қарсы екпе жасалатын инфекциялардың атаулары мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген.

Соңғы жылдары ауданымызда балаларына жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпе салдырмай, бас тартып жүрген ата-аналар қатары жиілеп келеді. Екпе жайлы қазіргі таңда барлық ата-аналардың хабары бар. Алайда, баланы егуге алып келген кезде әртүрлі сенімсіз жағдайлар туындайды. Бұл сенімсіздіктің

өз себебі бар. Өйткені қазіргі таңда балаларымызда екпе арқылы қорғайтын жұқпалы аурулар мүлдем кездеспейді. Осыдан 30-40 жыл бұрын ата-аналарға қызылша мен күлдің (дифтерия) қауіптілігі жайлы айтудың қажеті болмады. Ал көкжөтелдің ауыр жөтелі әрбір қала мен ауыл тұрғындары арасында кездесетін. Сал ауруының ауыр асқынуы болып табылатын мүгедектіктен қорқыныш әрбір ата-ананың көкейкесті мәселесі болды.

Жоғары да айтып отырған ауруларымыздың барлығы екпемен (вакцинация) басқарылатын аурулар. Осындай аурулардан қорғанудың басты жолы 95-100 пайыз алдын ала екпемен қамту екені дәлелденген. Сондықтан елімізде бұл жағдай жолға қойылған.

Қауіпті дерттерге қарсы екпе егу жұмыстары әлемдік тәжірибеге еніп отыр. Осыған орай, сәби өмірге келген сәттен бастап белгілі мерзім ішінде түрлі аурулардың алдын алу, жұқпалы дерттер-

ден сақтануды қамтамасыз ету үшін иммундау шаралары қолға алынды. Оның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Елімізде иммундау шаралары баланың жарық дүниесігін ашқан сәтінен бастап 6 жасқа толғанға дейін кестеге сай жүргізіледі. Ата-анасының рұқсатынсыз балаға екпе салынбайды. Екпені алдын ала арнайы оқытылған медициналық маман, тек жұқпалы ауруларға қарсы жүргізуге рұқсат берілген егу бөлмелерінде жүргізеді. Бүгінде пайдаланылып отырған екпе – белгілі бір жұқпалы аурулардың өлі немесе әлсіретілген қоздырғыш микроорганизмдерінен жасалған препарат екенін тағы нақтылаймыз. Олардың шығарылу тәртібіне қатаң талап қойылып, оның зиянсыздығына, қауіпсіздігіне және тиімділігіне зертханалық, клиникалық тексерулер өткізіледі.

Елімізде жұқпалы ауруларға қарсы, атап

айтқанда қызылша, қызамық, шошқа мойын, вирусты гепатит А, вирусты В гепатитіне қарсы, құрөзек, сіріспе, көкжөтел, сал ауруы, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, тұмау, құтыру, туберкулез, оба, іш сүзегіне қарсы екпелер тегін жүргізіліп келеді.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап (АПВ) адам папилломасы вирусына қарсы екпесі қосылып, Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді.

Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы берік ұстанған, халық денсаулығы – ұлт байлығы. Ал, халық өз денсаулығына салғырттық танытпауы қажет. Сонда ғана дені сау ұрпақ қалыптасады. Балаларыңыздың уақытылы кестеге сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы екпе алуын қадағалаңыздар.

С.ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық –
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.